Шымкент қаласы білім басқармасы
№75 «Ақ бидай» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное
предприятие **«Ясли сад № 75 Ақ бидай»**
управления образования города
Шымкент

160000, Шымкент қаласы, Ғ.Иляев көш, 19 үй
БСН: 001040000804, тел: 8 /7252/ 21-06-30
e-mail: 75akbidaybb@mail.ru

160000, г.Шымкент, Ғ.Иляева, дом 19
БИН: 001040000804, тел:8 /7252/ 21-06-30
e-mail: 75akbidaybb@mail.ru

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жыл 21 қаңтар
Шымкент қаласы

№ - 8 н/қ
город Шымкент

2026 жылға арналған конкурстық негізінде тәрбиеленушілерді тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алуды жүзеге асыруға конкурстық комиссия құру конкурстық құжаттаманы бекіту және сатып алуды өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 120-180 тармақтарына сәйкес және конкурстық негізде тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алуда жедел қажеттілік туындауына байланысты,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026 жылға арналған конкурстық негізде тәрбиеленушілерді тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алуды жүргізу бойынша келесі құрамда конкурстық комиссия құруға:

- Маханбетова Айгерім Сәдуахасқызы - конкурстық комиссияның төрағасы;
- Мейрбекова Жадыра Кайсаровна - конкурстық комиссия мүшесі;
- Мотина Светлана Владимировна - конкурстық комиссия мүшесі;
- Биимуратова Гульзада Жанабаевна - конкурстық комиссия мүшесі;
- Сәбит Динара Талғатқызы - конкурстық комиссия мүшесі;
-Досанова Салтанат Елтаевна - конкурстық комиссияның хатшысы

2.Конкурстық комиссияның міндеттері:

1) 2026 жылға арналған тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алуды жүргізу бойынша конкурстық құжаттаманың жобасын (сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының негізінде) әзірлеу және бекіту;

2) Өнім берушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы әзірлеу және бекіту;

3) Белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік сатып алу Веб-порталында тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру (жариялау);

4) Конкурс рәсімін белгіленген мерзімде және тәртіппен өткізу.

3. Конкурстық комиссия 2026 ж. (бекітілген сатып алу жоспары бойынша) тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алуды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарын қатаң сақтасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші: **А.С.Маханбетова**

Бұйрықпен таныстым: 21.01.26 Мейірбекова Ж.Ж. _____
(күні, аты-жөні,тегі, қолтаңбасы)

Бұйрықпен таныстым: 21.01.26 Дюсмуратова Г.Ж. _____
(күні, аты-жөні,тегі, қолтаңбасы)

Бұйрықпен таныстым: 21.01.26 Мотенко С.В. _____
(күні, аты-жөні,тегі, қолтаңбасы)

Бұйрықпен таныстым: 21.01.2026 Сәбит Д.П. _____
(күні, аты-жөні,тегі, қолтаңбасы)

Бұйрықпен таныстым: 21.06.2026 Досалова С.Е. _____
(күні, аты-жөні,тегі, қолтаңбасы)